

## ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ОРТА МЕКТЕПТЕ ТАРИХТЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

\*Шегенова З. К.<sup>1</sup>, Сламбекова Т. С.<sup>2</sup>

\*<sup>1,2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

**Аңдатпа.** Қазіргі уақытта тарихты зерттеудің оқу-тәрбие мақсаттары қазақстандық білім беруді модернизациялау стратегиясымен, атап айтқанда, Қазақстан Республикасындағы орта білім мазмұнын жаңартумен тығыз байланысты. 2016 жылдан бастап орта мектептерге енген жаңартылған білім беру мазмұны оқушыларға пәндік білім беруге ғана емес, сонымен қатар олардың пәндік дағдылары мен танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Фактологиялық білімнен гөрі оқушылардың бойында тарихи түсінік, тарихи ойлау дағдыларын дамытудың маңыздылығы халықаралық тәжірибеге және халықаралық зерттеулерге сай негізделіп отыр.

Еліміздегі демократиялық, азаматтық қоғамның қалыптасуы орта білім беру жүйесінің алдына еркін ойлайтын, тарихи тәжірибе мен оның сабақтарын ұғынатын, өз іс-әрекеті үшін тарихи жауапкершілікті түсінетін тұлғаны тәрбиелеу мәселесін қойып отыр. Бұл мәселені шешудің бір әдісі – оқушылардың тарихи ойлау, тарихи білімі мен пәндік дағдыларын қалыптастырып, оларды сабақ барысында зерттеуге баулитын әдіс-тәсілдерді қолдану болып табылады. Осы мақалада тарих сабақтарында белсенді оқыту (active learning), зерттеуге негізделген оқытуды (inquiry-based learning), тарихи ойлау концептілері (historical thinking concepts) арқылы оқыту әдістерінің оқу үдерісіне кіріктіріліп, қаншалықты тиімді қолданылып жатқаны қарастырылды.

Мақалада орта мектепте тарихты оқытуға қатысты әдеби шолу жасалынып, жалпы «тарихи білім мен дағды», «тарихи ойлау», «тарихи концепт» секілді кілтті түсініктердің арасындағы байланысқа интерпретация берілді. Арнайы жүргізілген зерттеу арқылы тарих сабақтарында оқушылар фактологиялық білімді игерумен қатар, тарихи оқиғалар, құбылыстар мен тарихи үдерістердің себеп-салдарлық байланысын, өзгерістер мен сабақтастықтарды қалайша анықтай алатыны зерттеліп, мұғалімдердің пәнді оқытудағы әдістемелік проблемалары мақалада талданды.

**Тірек сөздер:** оқыту әдістемесі, белсенді оқыту, дағдылар, тарихи ойлау, тарихи ойлау концептілері, тарихи ойлау дағдылары, тарихи білім, зерттеуге негізделген оқыту, тарихи деректер

### Кіріспе

Зерттеу проблемасын шешуде қазіргі орта білім беру мазмұнының өзгеруі жағдайында жаңа білім беру парадигмасы, жүйелі-әрекеттік тәсілдеме негіздері, тарихты оқытудың заманауи әдістемелік ерекшеліктері, зерттеуге, жобаға негізделген оқыту сияқты интерактивті оқыту әдістерін зерделеу басшылыққа алынды. Осы тұста маңызды идея – оқушылардың әртүрлі оқу стильдерін ескере отырып, оқытуды жекелендіру мәселесіне назар аудару.

Тарихи мазмұнды оқу материалын тереңірек игеруге және оқушылардың тарихи сауаттылығын дамытуға ықпал ететін сыни ойлау мен аналитикалық дағдыларын қалыптастырудың маңыздылығын атап өту маңызды.

Қазіргі таңда білім беру саласында халықаралық және отандық контекстте көптеген түбегейлі өзгерістер орын алуда. Бұл өзгерістерге себеп болған әлеуметтік-экономикалық мәселелер, технологиялардың дамуы, цифрландыру мен білім беру мазмұнының тез арада ескіруі маңызды фактор болып табылады.

Соңғы жылдары мектептерде тарихты оқытудың бірнеше тенденциялары орын алуда. Оларға мыналар жатады:

- Сыни тұрғыдан ойлау мен талдау дағдысына баса назар аудару: тарихи фактілерді есте сақтаудың орнына оқушыларға тарихи оқиғалар мен құбылыстарға, олардың себептері мен салдарына сыни көзқараспен қарауға, сондай-ақ әртүрлі көзқарастар мен интерпретацияларды талдау.

- Әртүрлі технологияларды қолдану: тарих сабақтарының интерактивті ету үшін цифрлық мұрағаттар, онлайн кітапханалар мен түпдеректерді қолдану, интерактивті карталар және уақыт шеңбері сияқты технологияларды енгізу.

- Жобаға негізделген оқыту (Project-based learning): оқулықтарды оқу мен тест тапсырудың орнына оқушыларға проблеманы шешуге бағытталған жобаларды жүргізу және өмірмен байланысты жағдаяттарға негізделген іс-әрекетке баса назар аудару.

Қазақстанда 2016 жылдан бастап оқу үдерісінде жүзеге асырылып жатқан жаңартылған білім беру аясында құрастырылған тарих бойынша оқу бағдарламалары да халықаралық тенденцияларды басшылыққа алған болатын.

Оқу бағдарламасына сәйкес «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің мақсаты – білім алушылардың бойында тарихи сана, қазақстандық патриотизм, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарыту, зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларды дамыту [1]. Елімізде демократиялық және азаматтық қоғамның қалыптасуы мектептегі білім беру жүйесінің алдына өз бетінше және сын тұрғысынан, тарихи ойлауға қабілетті тұлғаны тәрбиелеу мәселесін қойды.

Тарихи ойлау өткен оқиғаларды дәлелдер мен тарихи контекстке сүйене отырып түсіну мен түсіндіруді, түпдеректерді талдау, әртүрлі көзқарастарды бағалау және оқиғалардың өзара байланыс орнату сияқты дағдыларды қолдануды қамтиды. Бұл тарихи контекстті терең түсінуді, сондай-ақ дереккөздердің сенімділігі мен маңыздылығын бағалауды қажет ететін ойлау тәсілі.

Тарихшы Сэм Вайнбург «тарихи ойлау-өткенді түсіну» деген анықтама береді[2].

Еуропа, АҚШ және әлемнің басқа елдерінде тарихты оқыту тек пәндік академизммен ғана емес, сонымен қатар оқытуда белсенді әдіс-тәсілдерді, зерттеу тәсілдемесін қолдануымен ерекшеленеді. Қазіргі ғылыми мақалалар авторларының көбісі тарихты зерделеу дегеніміз тарихи оқиғаларды жай ғана мазмұндау, әңгімелеу емес, ол оқушының тарихи оқиғаларды талдау, оларға өзіндік интерпретация жасау қабілетін дамыту деп санайды. Алайда бұл ретте «білім» категория ретінде оқу-зерттеудің негізгі қайнар көзі, объектісі болып табылатынын ескерген жөн.

1970-1980 жылдары Англияда GCSE and Advance Level деңгейлерінде мектепті аяқтау кезеңінің соңында тапсырылатын емтихандарда оқушылардың субстантивтік, яғни нақты декларативті білімдерін тексеруге баса назар аударған. Алайда осы жылдары Англияда зерттеушілер мен оқу бағдарламасын әзірлеушілер мектептегі тарих пәнін қайта құрыстырып шықты. «Жаңа тарих» үш негізгі кілтті сөздермен сипатталды «дағдылар», «концептілер», «қарым-қатынастар» [3].

Вайнбергтің айтуынша тарихи ойлау мен тарихи білім тарихи дәйектерді қарастыруда когнитивті процестерді қажет етеді: бұл дәйектерді растау, негіздеу, тарихи деректерді іздеу, талдау, контекстуализациялау [4].

Оқушылардың көбісі тарихты «тарихты көбейту кестесі» ретінде «маңызды фактілер» жиынтығы ретінде ғана қарастырады [5]. Пакстон да бұл оймен келіседі, оқушылар тарихпен алғаш рет оқулықтар арқылы танысады, ал оқулықтар фактілер «каталогы» сияқты белгілі бір оқиғаны жинақтауға арналған дейді. Яғни оқушылар тарихи оқиғаларға сын тұрғысынан қарамайды, тарихты тек фактілер тізімі ретінде қарастырады [6].

Тарихи фактілер тарихтың негізгі қайнар көзі болып табылады, онсыз ешбір тарихи оқиғаны интерпретациялау мүмкін емес. Алайда тарихи ойлау хронология мен хронографиядан кең, берілген фактілердің бір-бірімен байланысын зерттеуді талап етеді. Яғни жеке фактілердің өздері еш ақпарат бермейді, тарихшылар сол себепті дұрыс әрі мәнді сұрақтар қоя отырып, негізді пайымдаулар мен дәлелді тұжырымдамаларды жасай білу керек. Басқаша айтқанда, тарихи ойлау фактілерді жинақтауды емес, оларды түрлендіруді білдіреді [7].

У. Хартман, М. Хасельхорн тарихты зерделеу, тарихи білімді тек қана жаттап, әңгімелеуден гөрі тарихи ойлау дағдыларын қамтуы қажет деп санайды. Тарихи ойлаудың дағдылары оқушылардың түрлі пікірлер мен пайымдарды зерттеуді, тарихи оқиғалар мен құбылыстарды сын тұрғысынан талдауды, өткенді зерделеудің негізінде болашақты болжай алуды қарастырады [8].

Л. Харрис, Г. Гирард пәндік мазмұн аясында білім аспектісін сипаттау үшін «тарихи маңыздылық» терминін құрастырды. Автор тарихи білімге мектеп оқушыларының білімі үшін қандай оқиғалар маңызды екендігін қарастыратын объектив ретінде қарады [9].

Линда С. Левстик, Кит С. Бартон мектеп оқушыларының тарихи зерттеулерге, көбінесе кіріктірілген әлеуметтік зерттеулердің оқу бағдарламасы аясында қатысуының тиімділігін атайды. Сонымен қатар, тарихи деректерді жинау және талдау, тарихи тұлғалардың перспективаларын зерттеу оқушылардың концептуалды ойлауын қалыптастыруға ықпал етеді [10].

Джозеф Зайда, Кен Смит ресейлік тарих оқулықтарында жаңа болмысты қалыптастыруға және оқушылар тарапынан тарихи оқиғаларды талдауға жағдай жасалуымен қатар идеологиялық бағдарлану орын алғанын анықтауда [11].

Эбби Рэйсман, Брад Фого тарихи түпдеректер негізінде тарих сабақтарын өткізудің перспективалық бағыттарын қарастырады [12].

Ғалымдар М.Меркт, М.Вернер, В.Вагнер зерттеу негізінде тарихи ойлау дағдылары белгілі бір дереккөздерді талдау, оларда жатқан астарлы мазмұн мен идеяны анықтау, алған ақпаратты және жасалған тұжырымдамаларды тексерумен байланысты деген қорытындыға келді. Сондықтан оқушылардың өткен оқиғаларды түсінуі, тарихи дәйектерді жинақтау, өткен заманның тарихи құжаттарын пайдалану үшін тарихшылар тарапынан қолданатын әдістерін білуді қажет етеді[13].

П.Г. Ривас талдау, пайымдау және тарихи деректерді бағалау немесе түсіндіру сияқты негізгі дағдылар мектеп оқушыларының тарихи ойлауын қалыптастыру үшін қажет деп санайды. Жалпы, автордың айтуынша, тарих сабақтарында оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамытуға аса көңіл бөлу керек [14].

А.Дж. Чапман «дәлел» тарихи концептісімен байланысты ойлаудың өзара байланысты түрлеріне (сұрақ қою және қорытынды жасау сияқты) ерекше мән береді.

Роланд Бернад австриялық тарих мұғалімдерімен бірге өткізген сапалы зерттеуінің басты элементтерінің бірі – тарих сабағының негізгі мәні ретінде өткеннің болашақпен, бүгінгі күнмен және ертеңгі күнмен байланысы. Автордың пікірінше, тарих сабақтарындағы барлық іс-әрекет сыни ойлаумен тікелей байланысты.

Оқушылардың тарихи ойлау дағдылары мен білімін дамытуға көмектесетін бірқатар оқыту әдістері мен тәсілдері бар. Бірақ солардың ішінде зерттеуге негізделген оқытуды (Inquiry-based learning) ерекше атап өткен жөн. Бұл әдіс оқушылардың тарихи дереккөздермен терең жұмыс жасауды және өткенді тереңірек түсіну үшін дұрыс сұрақтар қоюды қамтиды. Ол тек тарихи фактілерді есте сақтаудың орнына тарихи ойлау процесін қалыптастыруға септігін тигізеді [15].

Зерттеуге негізделген оқыту өткенді зерделеуде тарихи ойлау концептілерін жетік қолдануда: дәлел, себеп-салдар, тарихи контекст, перспектива, өзгеріс пен сабақтастық, ұқсастық пен айырмашылық, маңыздылық. Тарихи концептілер зерттеуге негізделген оқыту үшін өте маңызды, өйткені олар маңызды сұрақтар қоюға және тарихи дереккөздерді түсіндіруге негіз береді. Бұл концептілер тарихи оқиғалар мен процестерді талдауға және олардың арасындағы байланысты орнатуға мүмкіндік береді. Сабақ аясында белгілі бір тақырыпқа бір немесе екі тарихи концепт таңдалып, сабақ барысындағы барлық іс-әрекет осы концептіге тіреледі, мысалы «себеп-салдар» концептісі анықталса, сабақ бойы оқушылар берілген тарихи оқиғаның сылтауларын, ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді себептері талдауға, экономикалық, саяси, әлеуметтік салдарларын зерделеп, өздерінің терең когнитивті ойлау дағдыларын дамытады. Зерттеуге негізделген оқыту мен тарихи ойлау концептілері бірін-бірі толықтырып, белсенді оқыту мен сыни талдауға қатысу арқылы оқушылар тарихты және оның қазіргі әлемді қалай қалыптастыратынын тереңірек түсінеді.

## **Материалдар мен әдістер**

Зерттеуге негізделген оқыту мен тарихи ойлау концептілері арқылы оқушыларды тарихқа баулып, оқыту Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі жүзеге асырылып жатқан NIS-Programme бағдарламасы бойынша 2015-2016 оқу жылынан бастап, ал елдегі жалпы білім беретін мектептерде жаңартылған оқу бағдарламасы арқылы 2016-2017 оқу жылынан басталған еді. Назарбаев Зияткерлік мектептерінде және жалпы білім беретін мектептерде жаңа оқу бағдарламасымен жұмыс жасауға қатысты әдістемелік қолдау көрсететін оқыту семинарлары жүзеге асқан болатын. Алайда іс жүзінде мұғалімдердің дайындығы, бұл аталған әдіс-тәсілдердің қолданылуы мен тиімділігі қандай деген зерттеу сұрақтары туындауда.

Зерттеудің мақсаты – негізгі мектептің 6-10 сыныптарында тарих сабақтарында зерттеуге негізделген оқыту мен тарихи ойлау концептілерінің қалайша тиімді жүзеге асып келе жатқанын анықтау. Яғни, тарихи деректермен жұмыс жасау, уақыт пен кеңістікте бағдарлану, талдау дағдыларын дамыту барысында мұғалімдер зерттеуге негізделген оқыту мен тарихи ойлау концептілерге негізделген оқытуды қалайша қолданады және олардың негізінде тапсырмаларды қаншалықты тиімді құрастыратынын анықтау.

Зерттеу барысында келесідей аралас әдіс, яғни сапалы және сандық әдістер қолданылды: онлайн сауалнама, сабақтарды бақылау. Зерттеу онлайн-сауалнама жүргізуден басталады. Онлайн сауалнама қазақ тілінде өткізілді. Сауалнамаға 19 Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 6-10 сыныптарда Қазақстан тарихын оқытатын тарих мұғалімдері қатысты. Жалпы сауалнамаға 49 мұғалім қатысты.

Мұғалімдерге арналған сауалнама 14 сұрақтан құралды, 7-і ашық типтегі және 7-і жабық типтегі сұрақтар. Бұл сұрақтар мұғалімдердің концептілерге негізделген оқыту бойынша туындаған мәселелерін анықтауға бағытталған. Зерттеудің бұл кезеңінде сауалнама нәтижелері талданып, тиісті қорытындылар жасалды.

Мектептерге іс-сапардың мақсаты – 6-10 сыныптардың сабақтарын бақылау болды. Екі мектеп бойынша жалпы 17 сабақ бақыланды. Сауалнама нәтижелеріне сәйкес сабақты бақылау парағының негізгі фокустары анықталды. Бұл – сабақта белгілі бір концептінің орын алуы және тиісті дағдылардың дамуына акцент жасау. Сабақтарды бақылау барысында пән бойынша оқу бағдарламасы қолданылды. Бір сабақ шамамен 20-40 минуттай бақыланды.

Сабақтарды бақылаудың міндеттері: сабақта белгілі бір тарихи ойлау концептінің орын алуы мен оған тиесілі тапсырмалардың құрастырылуын бақылау; дағдылардың қарапайымнан күрделіге дейін прогрессиясын бақылау; сабақтағы жоспарланған іс-әрекеттің оқу мақсаттарына сәйкестігін тексеру; сабақта әрбір оқушының жұмыс жасауы және тарихи зерттеуге қатысуын аңғару.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Оқушылардың тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру үшін зерттеуге негізделген оқытуды қолдану, тарихи ойлау концептілерінің негізінде сабақ форматын құрастыру «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу бағдарламасының талабы болып табылады. Онлайн сауалнаманың нәтижелеріне сәйкес

мұғалімдердің 95,9% (49 мұғалімнен 47 мұғалім) концептілерге негізделген оқыту тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыруға септігін тигізеді, мұғалімдердің 67,3% (32 мұғалім) пайызы тарихи ойлау концептілерін түсінеді және олардың негізінде тапсырмаларды құрастыра алады деген пікір білдірді. Бірақ мониторингтік зерттеулердің өзге әдістері берілген мәселе бойынша келесідей нәтижелерді көрсетті:

1. Тарихи ойлау концептілері жайлы мұғалімдер білімдерінің шектеулігі. Онлайн сауалнамаға сәйкес мұғалімдердің 32,7% (16 мұғалім) концептілердің негізінде тапсырма құрастыруға қиналады. Талдықорған мен Алматы мектептеріне іс-сапар барысында тарих мұғалімдерінің концептілер жайлы бейхабар және концептілердің негізінде сабақтарды қалай жоспарлау керектігі туралы білімдердің жетіспеушілігі.

2. Мұғалімдердің 26,5% (12 мұғалім) көбінесе 7 сыныптарда, 18,4%-ы 10 сыныптарда концептілер бойынша оқытуда қиындық көретінін айтты. 7 сыныпта кездесетін проблемалар көбінесе оқушылардың жаңа жүйеге, оқу ортасына бейімдеу кезеңімен байланысты болса, 10 сыныптарда сыртқы жиынтық бағалауға дайындықпен тікелей байланысты.

3. 42,9% мұғалімдер (21 мұғалім) «интерпретация», 16,3%-ы «өзгеріс пен сабақтастық» концептілері бойынша тапсырмалар құрастыру жиі қиындық тудыратыны туралы пікір білдірді.

4. 10 сынып оқушылармен жүргізілген сұхбат барысында да 10 оқушының 5-і тарих сабақтарында тарихи деректермен жұмыс жасау, талдау жүргізуді 10 сыныпта бастадық деп мәлімдеді. Яғни, 6 сыныптан бастап дамытылуы тиіс дағдылар тек 9-10 сыныптарда қалыптаса бастайды.

5. Бақыланған 17 сабақтың ішінен тек 4 сабақта концептілерге негізделіп құрастырылған тапсырмалар орын алды. Бірақ бұл тапсырмалар көбінесе «дәлел» мен «себеп-салдар» концептілеріне қатысты. Тапсырмалар үстірт, дағдыларды дамытуда қарапайымнан күрделіге дейін прогрессиясы көзделмеген. Талдауға берілген тапсырмалар жоғары деңгейдегі дағдылардың дамуына септігін тигізбейді.

Мұғалімдердің концептілерге негізделіп тапсырмалар құрастыруда қиындық көретіні ішкі жиынтық бағалау жұмыстарындағы тапсырмаларды талдау барысында да аңғарылды: тапсырмалардың көбісі білім мен түсінікке бағытталуы; тапсырмалардың нақты берілмеуі, орындау критерийлерінің түсініксіздігі; белгілі бір тарихи концептіге бағытталып құрастырылған тапсырмалардың шектеулігі; қарапайымнан күрделіге дейін дағдылар прогрессиясының ескерілмеуі; тарихи деректермен жұмыс жасаудың тиімсіз түрде ұйымдастырылуы; оқушылардың берген жауаптарының шектеулігі, негізді дәйектер мен мысалдарды келтіру, өз ойын өрбіту қабілеттерінің жеткіліксіздігі (талданған 70 жұмыстың 30-ында дәйектеме келтіру сапасы төмен).

Зерттеудің нәтижелері бойынша келесі тұжырымдарды жасауға болады:

1) Тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру және пәндік мазмұнды терең ұғыну мақсатында концептілерге негізделген оқытуды қолдану тиімді.

2) Тарихи ойлау концептілері арқылы тарихты оқытуға бейімделу күрделілігі дәстүрлі әдістердің қолданылуы мен жалпы оқытудағы стереотиптермен түсіндіріледі.

3) Тарихи ойлау концептілерінің бір категориясы тарихи деректермен жұмыс жасауды талап етеді, алайда елімізде орысшадан қазақшаға аударылған, оқушылардың жас ерекшеліктеріне орай бейімделген деректер базасының болмауы мұғалімдерге ауыртпалық әкеледі, бұл материалдарды аудару мен бейімдеу.

4) Әр сабақта берілетін пәндік мазмұн міндетті түрде белгілі бір концептіге негізделіп, оқытылуы тиіс.

5) Сабақта берілетін тапсырмалар міндетті түрде бір немесе екі концептілердің негізінде құрастырылуы тиіс.

6) Сыныптан сыныпқа қарай бұл концептілердің негізінде дамытылатын дағдылардың прогрессиясын ескерген жөн.

Кешенді зерттеу бірқатар қарама-қайшылықтарды көрсетті:

1. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту аясында тарихты оқыту тәсілдерін өзгерту қажеттілігі мен осы процесті іске асырудың тиімді психологиялық-педагогикалық тетіктерінің жетіспеушілігі арасында.

2. Мұғалімдердің оқытуда оқу мақсаттарын іске асыруға ұмтылысы мен олардың қолданатын дәстүрлі, репродуктивті оқыту әдістері арасында.

Жалпы мұғалімдердің концептілер жайлы білімдері үстірт, теориялық және практикалық жағынан олардың қолдану мүмкіндіктері туралы толыққанды ақпарат тапшы. Мұғалімдердің көбісі «дәлел» және «себеп пен салдар» концептілері бойынша тапсырмаларды құрастыруға дағдыланған. Бірақ бұл тапсырмалар дағдылардың прогрессиясына орай тек қарапайым деңгейін қамтиды. Толыққанды, егжей-тегжейлі талдауға бағытталған тапсырмалар жоқтың қасы.

Тарихи ойлау концептілеріне негізделген оқуды тиімді түрде жүзеге асыру үшін зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру қажет. Зерттеу іс-әрекеті деп мұғалім мен оқушының белгілі бір тарихи мәселенің шешімін іздеу бойынша бірлескен шығармашылық үдерісті білдіреді, оның нәтижесі зерттеушілік ойлау дағдыларын және тұтас дүниетанымды қалыптастыру болып табылады. Оқытудағы зерттеу әдісі оқушыларды дайын ақпаратты енжар пайдаланушы емес, шығармашыл үдерістің қатысушылары етеді. Зерттеуге негізделген оқыту – оқушылар ғалым-зерттеуші рөліне енетін болатындай жағдаяттарды құрумен сипатталады. Бұл жағдайларда оқушылар бақылау және белгілі бір құбылысқа қатысты сұрақтар қою, өз теорияларын деректер талдауына негіздеу және қарсы қою үшін не көретініне түсіндірме іздеу бойынша нақты қадамдарды орындайды. Оқудағы зерттеу әдісі оқушыларға құбылыстар мен фактілер арасындағы байланыстарды, тұтас тарихи үдеріс бейнесін көруге мүмкіндік береді.

## **Қорытынды**

Зерттеу негізінде анықталған мәселелердің туындауы көбінесе әдістемелік проблемаға қатысты деген тұжырым жасалды. Сауалнама мен сабақтарды бақылау нәтижелері мұғалімнің зерттеуге негізделген оқыту мен тарихи ойлау концептілерге негізделген оқытуды барынша түсінбегені мен тәжірибеде қолданбайтының белгісі. Бұл өз кезегінде мұғалімдердің өз тәжірибелерінде концептілерді жүйесіз қолданатыны және тарапынан мұғалімдерге әдістемелік қолдаушылықтың жеткіліксіздігі туралы болжам жасауға итермелейді.

#### ӘДЕБИЕТ

[1] 5-9 сыныптарға арналған «Қазақстан тарихы» пәні бойынша МЖБС оқу бағдарламалары. – Access mode: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021688#z4> [Date of access: 14.04.2023]

[2] Wineburg, S. Historical thinking and other unnatural acts: Charting the future of teaching the past. Temple University Press. – 2001. – P. 73-87. – Access mode: URL: [https://www.6floors.org/bracket/wp-content/uploads/2012/02/81.full\\_.pdf](https://www.6floors.org/bracket/wp-content/uploads/2012/02/81.full_.pdf) [Date of access: 8.02.2023]

[3] Counsell, C. Historical Knowledge and Historical Skills: a distracting dichotomy. In J. Arthur and R. Phillips (Eds.). //Issues in History Teaching. London: Routledge, 2000. – P. 54-71. – Access mode: URL: <https://ru.scribd.com/document/262484855/Historical-knowledge-and-historical-skills-A-distracting-dichotomy> [Date of access: 26.02.2023]

[4] Wineburg, S. S. Historical problem solving: A study of the cognitive processes used in the evaluation of documentary and pictorial evidence. //Journal of Educational Psychology, 83(1). – 1991. – P. 73-87.

[5] Barr, R. D., Bath, J. L., & Shermi, S. S. Defining the social studies. Washington, D.C.: National Council for the Social Studies. – 1977. – P. 87-93.

[6] Paxton, R. J. A deafening silence: History textbook and the students who read them. //Review of Educational Research, 69(3). – 1999. – P. 315-339. – Access mode: URL: <https://citeseerx.ist.psu.edu/document?repid=rep1&type=pdf&doi=9633a4206399d727197173f10a4aedb7e113b55b> [Date of access: 18.03.2023]

[7] Spoehr, K. T., & Spoehr, L. W. Learning to think historically. //Educational Psychologist, 29. – 1994. – P. 71-77.

[8] U. Hartmann, M. Hasselhorn. Historical perspective taking: A standardized measure for an aspect of students' historical thinking. //Learning and Individual Differences. Vol. 18, Issue 2, 2nd Quarter 2008. – 2008. - P. 264-270.

[9] L. Mc.Harris, B.Girard. Instructional significance for teaching history: A preliminary framework. //The Journal of Social Studies Research. Vol. 38, Issue 4. - 2014. - P. 215-225. – Access mode: URL: <https://asu.elsevierpure.com/en/publications/instructional-significance-for-teaching-history-a-preliminary-fra> [Date of access: 19.05.2023]

[10] Linda S. Levstik, Keith C. Barton. Doing History: Investigating with Children in Elementary and Middle Schools. Mahwah NJ: Lawrence Erlbaum Associates. – 2005/2011. - P. 212.

[11] Joseph Zajda, Ken Smith. Globalisation, Ideology and History School Textbooks: Secondary School History Teachers Responses in the Russian Federation. Educational Sciences: Theory and Practice № 37(2). - 2015. - P. 59-78.

[12] Abby Reisman, Brad Fogo. Contributions of educative document-based curricular materials to quality of historical instruction. //Journal of Curriculum Studies. Vol. 51, Issue 1. – 2019. - P. 62-83.

[13] M. Merkt, M. Werner, W. Wagner. Historical thinking skills and mastery of multiple document tasks. //Learning and Individual Differences. Vol. 54, February. - 2017, - P. 135-148.



[14] Калиева К.М., Аймагамбет Т. Біліктілік тәсіл-педагогикалық процесі ұйымдастыру негізі. //Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2019. - 4 (55) 2019. - ISSN 2412-2149. – Б. 16-23.

[15] Smith, M., Breakstone, J., Wineburg, S. History Assessments of Thinking: A Validity Study. *Cognition and Instruction*. 37(1). – 2019. – P. 156-163

## REFERENCES

[1] Curriculum on the discipline "History of Kazakhstan" for grades 5-9 of the Basic Secondary Education Level. – Access mode: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021688#z4> [Date of access: 14.04.2023]

[2] Wineburg, S. Historical thinking and other unnatural acts: Charting the future of teaching the past. Temple University Press. – 2001. – P. 73-87. – Access mode: URL: [https://www.6floors.org/bracket/wp-content/uploads/2012/02/81.full\\_.pdf](https://www.6floors.org/bracket/wp-content/uploads/2012/02/81.full_.pdf) [Date of access: 8.02.2023]

[3] Counsell, C. Historical Knowledge and Historical Skills: a distracting dichotomy. In J. Arthur and R. Phillips (Eds.). //Issues in History Teaching. London: Routledge, 2000. – P. 54-71. – Access mode: URL: <https://ru.scribd.com/document/262484855/Historical-knowledge-and-historical-skills-A-distracting-dichotomy> [Date of access: 26.02.2023]

[4] Wineburg, S. S. Historical problem solving: A study of the cognitive processes used in the evaluation of documentary and pictorial evidence. //Journal of Educational Psychology, 83(1). – 1991. – P. 73-87.

[5] Barr, R. D., Bath, J. L., & Shermi, S. S. Defining the social studies. Washington, D.C.: National Council for the Social Studies. – 1977. – P. 87-93.

[6] Paxton, R. J. A deafening silence: History textbook and the students who read them. //Review of Educational Research, 69(3). – 1999. – P. 315-339. – Access mode: URL: <https://citeseerx.ist.psu.edu/document?repid=rep1&type=pdf&doi=9633a4206399d727197173f10a4aedb7e113b55b> [Date of access: 18.03.2023]

[7] Spoehr, K. T., & Spoehr, L. W. Learning to think historically. //Educational Psychologist, 29. – 1994. – P. 71-77.

[8] U. Hartmann, M. Hasselhorn. Historical perspective taking: A standardized measure for an aspect of students' historical thinking. //Learning and Individual Differences. Vol. 18, Issue 2, 2nd Quarter 2008. – 2008. - P. 264-270.

[9] L. McHarris, B.Girard. Instructional significance for teaching history: A preliminary framework. //The Journal of Social Studies Research. Vol. 38, Issue 4. - 2014. - P. 215-225. – Access mode: URL: <https://asu.elsevierpure.com/en/publications/instructional-significance-for-teaching-history-a-preliminary-fra> [Date of access: 19.05.2023]

[10] Linda S. Levstik, Keith C. Barton. Doing History: Investigating with Children in Elementary and Middle Schools. Mahwah NJ: Lawrence Erlbaum Associates. – 2005/2011. - P. 212.

[11] Joseph Zajda, Ken Smith. Globalisation, Ideology and History School Textbooks: Secondary School History Teachers Responses in the Russian Federation. *Educational Sciences: Theory and Practice* № 37(2). - 2015. - P. 59-78.

[12] Abby Reisman, Brad Fogo. Contributions of educative document-based curricular materials to quality of historical instruction. //Journal of Curriculum Studies. Vol. 51, Issue 1. – 2019. - P. 62-83.

[13] M. Merkt, M. Werner, W. Wagner. Historical thinking skills and mastery of multiple document tasks. //Learning and Individual Differences. Vol. 54, February. - 2017, - P. 135-148.

[14] Kaliyeva K.M., Aiytmagambet T. Biliktilik tásil-pedagogikalyq prosesti uymdastyry negizi (The qualification approach is the basis for the organization of the pedagogical process). //Bulletin Ablai Khan University of International Relations and World Languages. Series «Pedagogical sciences». – 2019. - 4 (55) 2019. – P. 16-23.

[15] Smith, M., Breakstone, J., Wineburg, S. History Assessments of Thinking: A Validity Study. *Cognition and Instruction*. 37(1). – 2019. – P. 156-163.

## **МЕТОДИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ОБУЧЕНИЯ ИСТОРИИ В СРЕДНЕЙ ШКОЛЕ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ ОБРАЗОВАНИЯ**

\* Шегенова З. К.<sup>1</sup>, Сламбекова Т. С.<sup>2</sup>

\*<sup>1,2</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

**Аннотация.** В настоящее время учебно-воспитательные цели изучения истории тесно связаны со стратегией модернизации казахстанского образования, в частности, с обновлением содержания среднего образования в Республике Казахстан. Они направлены не только на предоставление учащимся предметных знаний, но и на развитие их предметных навыков и познавательных способностей.

Становление демократического, гражданского общества в стране ставит перед системой среднего образования проблему воспитания свободно мыслящей личности, понимающей исторический опыт и его уроки, понимающей историческую ответственность за свои действия. Одним из способов решения данной проблемы является использование в учебном процессе методов и приемов, которые формируют у учащихся историческое мышление, исторические знания и предметные навыки, вовлечение их в ходе урока в историческое исследование. В этой статье рассмотрено, насколько эффективно методы обучения интегрируются в учебный процесс с помощью использования обучения, основанного на исследовании (inquiry-based learning), и концептов исторического мышления (historical thinking concepts) на уроках истории.

В статье дается литературный обзор об особенностях преподавания истории в средней школе, дается интерпретация взаимосвязи между такими ключевыми понятиями, как «исторические знания и навыки», «историческое мышление», «исторический концепт». На основе исследования изучено, как на уроках истории учащиеся, помимо усвоения фактологических знаний, выявляют причинно-следственную связь, изменения и преемственность исторических событий, явлений и исторических процессов. В статье проанализированы методические проблемы учителей в преподавании истории и их возможные причины.

**Ключевые слова:** методика обучения, активное обучение, историческое мышление, навыки, концепты исторического мышления, навыки исторического мышления, историческое знание, основанное на исследовании, исторические источники

## **TEACHING FEATURES OF HISTORY IN SECONDARY SCHOOL IN MODERN EDUCATIONAL CONDITIONS**

\* Shegenova Z. K.<sup>1</sup>, Slambekova T. S.<sup>2</sup>

\*<sup>1,2</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

**Abstract.** Currently, the educational goals of studying history are closely related to the strategy of modernization of Kazakh education, in particular, with the renewal of the content of secondary education in the Republic of Kazakhstan. They are aimed not only at providing students with subject knowledge, but also at developing their subject skills and cognitive abilities.

The formation of a democratic, civil society in the country poses to the secondary education system the problem of educating a free-thinking person who understands historical experience and its lessons, who understands historical responsibility for his actions. One of the ways to solve this

problem is to use methods and techniques in the educational process that form students' historical thinking, historical knowledge and subject skills, involving them in historical inquiry during the lesson. This article will examine how effectively teaching methods are integrated into the learning process through the use of inquiry-based learning and historical thinking concepts in history lessons.

The article provides a literary overview of the peculiarities of teaching history in secondary school, gives an interpretation of the relationship between such key concepts as "historical knowledge and skills", "historical thinking", "historical concept". Based on the research, it will be studied how in history lessons students, in addition to mastering factual knowledge, identify the cause-effect relationship, changes and continuity of historical events, phenomena and historical processes. The article analyzes the methodological problems of teachers in teaching history and their possible causes.

**Key words:** teaching method, active learning, historical thinking, skills, historical thinking concepts, historical thinking skills, historical knowledge, inquiry-based learning, historical sources

*Мақала түсті: 24 сәуір 2024*